

АРАБ ТІЛІНДЕ СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әбішова О.К.

*В этой статье речь идет об особенностях работы со словарем на арабском языке.
In this article the author represents particularizes of work with Arabic dictionary.*

Қай шет тілін оқиық, міндетті түрде сөздік қолданамыз. Кез келген шетел тілі сөзін, сөз тіркесін, етістікті, есімшені, етісті, сын есімді, шырайларды, зат есімнің жекеше, көпше түрін, үстеу т.б. сөздіктен іздегенде, сол сөз таптары қай әріптен басталса, сол әріп реті бойынша табамыз. Ал араб тіліне келетін болсақ, мүлде басқа жолмен қарастырамыз. Мұнда жоғарыда айтып өткендей әдісті қолдана алмаймыз (қай әріптен басталса, содан қарау), онда берілген сөзді қанша іздеп, қарасақ та мүлде таба алмаймыз, яғни қателесеміз. Олай болса, «араб тілі сөздігімен қалай жұмыс жасауға болады?» деген сауал туады. Ендеше осы сұраққа жауап беруге кірісейік.

Жалпы араб сөздеріне морфологиялық талдау жасағанда, «түбір» деген терминмен жиі кездесеміз. Бұл термин қандай мағынада қолданылып тұр, соған тоқтала өтейік.

Мысалға бір араб сөзін *جَنَّة* *djannatun* негізгі мағынасы «бақ» соңғы *n*-белгісіз халде, ал *الجَنَّة* *'al-djannatu* белгілі халдегі *'al*- артиклімен қолданылып тұр, «жаннат» (діни сенімдегі- жұмақ). Егер *n*-ді алып тастасақ, аяқталмаған, мағынасы жоқ, дербес сөз құрай алмайтын элемент, яғни *түбір* пайда болады. Бұл түсініктің шынайылығы мынада *djannatun*, *'al-djannatu*, *'usfuurul-djannati* ортақ бөлігі немесе сөзі бұл *djannatu*. Бұл түбір төмендегідей көрсеткіштерді қосқанда, белгілі бір мағынаға ие болып, мағынасы бар сөз құрайды.

Белгісіз хал көрсеткіші (*n* жалғауы) – *djannatu-n*;

Белгілі хал көрсеткіші (белгілі хал артиклі - *'al*) - *'al-djannatu*;

Ілік септігі жалғауы - *'usfuurul-djannati*.

Енді осы сөздердің мағыналарын қарастырайық:

هذه جَنَّة *hadihi djannatun* - бұл бақ

الجَنَّة *'al-djannatu*- жұмақ

عصفور الجنة *'usfuurul-djannati*- қарлығаш

Жоғарыда берілген сөздерде, соңғы дауысты, (*un- ُ*) септік түрлеріне қарай өзгеріп отырады: атау септігінде -*u*, ілік септігінде-*i*, табыс септігінде – *a*. Олай болса, берілген есімнің септелу парадигмасында¹ соңғы дауысты септік көрсеткіші болып табылады. Бұл –*u*, –*i*, –*a* дауыстылары жеке сөз құрай алмайтын, *берілген парадигманың негізі* деп атай алатын, яғни септік флекциялары жалғанатын түбір *djannat* формасына қосылған. [1]

Djannatun сөзіндегі *-atun* - бұл әйел тегінің жалғауы. Осы жалғауды алып тастасақ, жаңа түбір –*djanna*- ны аламыз.

Жалпы түбірдің өзі одан әрі грамматикалық бөлшектерге бөлінбейді. Оның өзі соңғы «бөлінбейтін» сөздің морфологиялық қалдығы, лексика-грамматикалық абстракцияны көрсетеді. Түбірді құрайтын дыбыстарды - *түбір дыбыстары* деп атайды.

Көп жағдайларда араб сөздерінің түбірі дауыссыз дыбыстардан құралады. Бірақ, түбір құрамына و ū және ي ī буынсыз дауыстылары да кіреді. Оны араб грамматистері басқа «қатты», «дұрыс», «күшті» дауыссыздарға қарағанда «әлсіз» дауыссыздар деп атаған. Түбір дауыссыздарының орнын ұзақ дауысты басуы мүмкін.

1 - сөздердің түрлену үлгісін көрсететін жүйе.

Түбірде топталған «күшті» түбір дауыссыздары сөздің барлық ұяларында (жерлерінде) тұрақты және де өзгермейді. Ал, «әлсіз» дауыссыздар белгілі бір өзгерістерге ұшырап, ұзақ дауыстылармен алмасып немесе сөз құрамынан түсіп қалуы мүмкін.

Енді түбір түрлеріне тоқтала өтейік. Түбірді жалпы шолып өтетін болсақ, оны лексика саласында қарастырамыз. Грамматикада сөздер әртүрлі морфологиялық ерекшеліктеріне байланысты, неше түрлі құрамдағы түбірге қатысты болғандықтан қарастырылады. Осы көзқарас себебінен, түбірді неше түрлі типтерге бөліп қарастырады.

Түбір үш, кейде төрт, бес әріптен тұруы мүмкін. Араб грамматистері үш сөзді түбірден құралатын لعف «жасау» етістігін негізге ала отырып, сөз түбірлерін тапқан. Мысалға, مكنسة сөзі مفعلة типі, استقرار сөзі افعال типі бойынша жасалған. Түбір дауыссыздарын анықтау үшін , бұл жерде сол فعل етістігінің, нақтап айтатын болсақ: түбірдің 1-ші әрпі – الفاء немесе жәй ғана الفاء; ал екіншісі – العين; үшіншісі – اللام әрпі.[2]

مكنسة сөзін сөздіктен іздестіріп қарайық. Ол үшін әуелі сөз түбірін табамыз. Жоғарыда айтып кеткендей, لعف түбірін тауып алайық. مكنسة –ғы та-марбута, әйел тегінің жалғауы, олай болса, оны алып тастаймыз. Сонда مكنس сөзі қалады. Бұл сөздегі әріп саны لعف әріп санынан көп, демек тағы бір әріп артық деген сөз. م – та префиксі бұл жерде іс-әрекетті орындайтын құрал мағынасында қолданылып тұр. Олай болса, бұл префиксті де алып тасатаймыз, сонда біз іздеген لعف етістік түбірі – مكن шығады, осы етістік түбірді сөздіктен қараймыз. Яғни م – mīm әрпінен қарастырамыз. Ол «сыпыру» деген етістік мағынасын береді, біз жоғарыда айтып өткендей, م – та префиксі бұл жерде іс-әрекетті орындайтын құрал, олай болса, осы етістіктің зат есімі – сыпырғыш, яғни сыпырудағы қолданылатын құрал.[3]

Міне өздеріңіз байқап отырғандай, араб тілі сөздігімен жұмыс жасау өте күрделі. Сондықтан араб тілін жанадан үйреніп, көз ашып жүрген біздің университет студенттері, сөздікпен жұмыс орындағанда, қиындықтарға тап болады. Өйткені жоғарыда көрсетілгендей талдау, яғни түбір табу олардың біршама уақытын алады, сол себепті көпшілігі үй тапсырмаларын орындамай келеді.[4]

Түбірдің мұнан да өзге түрлері көп. Мысалы: екі, қос, дұрыс, бұрыс, хамзалы т.б. Бірақ та осы үш әріпті түбір, түбірлердің негізі.

Әдебиеттер:

- 1.Русско-казахский словарь. Алматы. 2005 г.
- 2.Б.М.Гранде. Курс арабской грамматики. Москва. 2001 г.
- 3.Х.К.Баранов. Арабско-русский словарь. Москва. 1996 г.
- 4.С.А.Кузьмин. Учебник арабского языка. Москва. 2001 г.